

«Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі

Көкшетау қаласының
эл-Фараби атындағы ІТ лицейі» КММ

«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие жоспары негізінде атқарған жұмыстарының есебі /І тоқсан/

<https://scit.aqmoedu.kz/content/2023-2024-trbie-ghospary>

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты ІІ Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:
Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

*Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

*Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

*Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

*Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

*Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

*Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

*Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

*Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

*Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: *ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.*

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадырлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдыққағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командалық жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды игерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;

Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

Туғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі

Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде:

*баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету;

*баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру;

*баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сынап көруіне мүмкіндік беру ұсынылады.

Ұсынылады:

*бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;

*балабақшада түскі (ұйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуенді әндер) тыңдату, ал 3 жастан асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу;

*балалармен ертегі сағаттары, «Әжемнің ертегісі», «Бал бала» тіл ширату жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;

*балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады.

6-10 жастағы бала тәрбиесі

Ұсынылады:

*тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;

*қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;

*халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;

*бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;

*ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Сакқұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде

*қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;

*әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

Жасөспірімнің тәрбиесі (11-15 жас)

Ұсынылады:

*тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;

*жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;

*еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;

*ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;

*тарихи, деректі фильмдерді талдау;

*білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;

*табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;

*жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;

*«Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Жастар тәрбиесі (15-18 жас)

Ұсынылады:

*жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;

*ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;

*ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;

*отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;

*адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:

*балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

*білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда:

Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

Жауапты мемлекеттік органдардың сертификатталған тренерлері білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастырады.

Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру) басшысының (меңгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:

- *тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- *тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;
- *тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- *тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің,

әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:

- *салауатты өмір салтына ынталандыру;
- *сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- *білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- *ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар)
- *білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;
- *аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.

Кешенді жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.

Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, #Біртұтас_тәрбие хештегін тегтеу

Биылғы оқу жылы тәрбие бағдарламасы үшін аса ерекше. Себебі, тәрбие тұжырымдамасына жаңадан өзгеріс еніп, бұрынғы 8 бағыт бойынша жүзеге асатын тәрбие жұмысы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылы 19 қыркүйек №294 бұйрығы «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 3 құндылыққа негізделген жаңа тәрбие тұжырымдамасы бекітілді. 2023-2024 оқу жылына бекітілген «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен тәрбие жұмысының жылдық жұмыс жоспары оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріліп жасалынып, 3 құндылыққа негізделініп құрылды, лицей директорымен бекітілді.

Осы тәрбие жоспары бойынша жұмыстарды атқаруға 13 сынып жетекшісі, 8 педагог-ұйымдастырушы, дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері, әлеуметтік педагог, көркемдік жетекші, аға тәлімгер, кітапхана меңгерушісі, лицей педагог-психологы және ДТЖЖО, әдістеме бірлестік жетекшілері, пән мұғалімдері жүзеге асыратын болады. Ағымдағы оқу жылдың қыркүйек айынан келесі іс-шаралар ұйымдастырылды:

ҚР Оқу-ағарту министрінің бұйрығы негізінде 2023-2024 жаңа оқу жылы тәрбие жұмысының «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша сынып жетекшілер, педагог-ұйымдастырушылар, кітапхана меңгерушісі, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, пән мұғалімдеріне оқыту семинарларын директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары А.Жартанова жүргізді. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу мақсатында жоспарға сәйкес тәрбиелік-тағылымды шаралар, ата-аналар сағаты, сынып сағаттары өтуде. «Тоғыз ай – 9 іс-шара», «4 тоқсан – 4 өнер», «Оқуға құштар мектеп», «Бір әннің шығу тарихы», «Дара тұлға» жобалары жүзеге асырылуда.

Ұлттық құндылықтар: *Ұлттық мүдде, Ар-ұят, Талап*

1 қыркүйек - білім күні қарсаңында 1-11 сынып жетекшілері мен педагог-ұйымдастырушылар «Мектеп – мейірім мекені» атты сынып сағаты өтті.
Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
Ұлттық мүдде: Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Мақсаты: Мектептің білім ордасы ретіндегі маңызын түсіндіру, мейірімділік, оқу-білім туралы өз ойларын ортаға салғыза отырып, білім құмарлыққа шақыру.

<https://www.instagram.com/reel/CwpjMC5MS0G/?igshid=MzRIODBiNWFIZA>==

Тілдер күні мерекесіне арналған онкүндік жоспары аясында «Қазақша ән шырқайық» патриоттық ән кеші өтті.

Ұлттық мүдде: Қазақ тілінің қолдануаясын кеңейту;

Талап: Білуге, жаңаны тануғақұштар болу;

Мақсаты: Жас ұрпақтың өз ана тіліне деген құрмет сезімін арттыру, тіл мәртебесін көтеру, өз еліне деген сүйіспеншілігін ояту, еліміздің елдігін танытатын тілі мен өнерін ұғындыру.

<https://www.instagram.com/reel/Cw767BjsftF/?igshid=MzRIODBiNWFIZA>==

5-қазан Ұстаздар мерекесіне орай, 11-сынып түлектерінің ұйымдастыруымен «Ұстаз-Ұлы Тұлға» мерекелік кеш өтті.

<https://www.instagram.com/reel/CyBu5MeMY3J/?igshid=MzRIODBiNWFIZA>==

1-11 сынып жетекшілері мен педагог-ұйымдастырушылар «Мектеп – мейірім мекені» атты сынып сағаты өтті. Тілдер күні мерекесіне арналған онкүндік жоспары аясында «Қазақша ән шырқайық» патриоттық ән кеші ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/reel/CwpjMC5MS0G/?igshid=MzRIODBiNWFIZA>==

<https://www.instagram.com/reel/Cw767BjsftF/?igshid=MzRIODBiNWFIZA>==

5-сынып оқушыларын «Шаңырақ оқушылар қауымдастығына» қабылдау рәсімі өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/CyV79GeMM0m/?igshid=MzRIODBiNWFIZA>==

Қарттар айлығына орай, «Дара Тұлға» жобасы негізінде «Оқжетпес» шаңырағының педагог-ұйымдастырушысы Б.С. Сыздықова «Қарттарым- асыл қазынам» тақырыбында зейнеткер ұстаздармен мерекелік кездесу кешін ұйымдастырды.

<https://www.instagram.com/reel/CynHhCAsqV/?igshid=MzRIODBiNWFIZA>==

Педагог-ұйымдастырушылардың, 1-4 сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен «Толық адам ілімі», «Жолда жүру ережелерін білесің бе?», «Еңбекқорлық және оның табысқа әсері», «Салауатты өмір салтын насихаттау», «Қарттарым – асыл қазынам», " Оян, ар мен адалдық" т.б. сынып сағаттары жоспар бойынша өткізілді.

<https://www.instagram.com/reel/CxNYT32MPjx/?igshid=NTc4MTIwNjQ2YQ>==

<https://www.instagram.com/reel/CxUNyMjox5U/?igshid=NTc4MTIwNjQ2YQ>==

<https://www.instagram.com/reel/CxmOKWVoQtX/?igshid=NTc4MTIwNjQ2YQ>==

<https://www.instagram.com/reel/Cx4YoqblgSy/?igshid=NTc4MTIwNjQ2YQ>==

<https://www.instagram.com/reel/Cx-ySBYscM1/?igshid=NTc4MTIwNjQ2YQ>==

Аптаның әр сәрсенбі күні тәрбие жоспарына ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында «Ұлттық киім күні» аталып өтеді.

<https://www.instagram.com/reel/Cx-97mMsFGh/?igshid=MzRIODBiNWFIZA>==

18 қазан педагог-ұйымдастырушы Н.Е.Нұрахметованың ұйымдастыруымен «Бір әннің шығу тарихы» жобасы ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жылдығына арналды. Ақынның «Тау ішінде» әнінің шығу тарихын сахналық қойылым арқылы көрсетті. Тәлімі мен тағылымы мол кешке ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Мағжан Жұмабаев атындағы Ақмола облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының директоры Оспан Қуаныш Ерғалиұлы арнайы қонақ ретінде шақырылды.

<https://www.instagram.com/reel/CyiyeAVsw78/?igshid=NTc4MTIwNjQ2YQ>==

«Назар аударыңыз - балалар!» айлығы аясында 1 сынып оқушыларымен «Жол ережесін сақтайық!» тақырыбында сынып сағаты, «Назар аударыңыз – балалар!» жедел-профилактикалық іс-шара жоспары аясында Әл-Фараби атындағы ІТ лицейінің «Бағдаршам» ЖЖҚИ үйірме оқушыларымен бірге Көкшетау қаласы ПБ ЖПҚБ ЮПБ полиция лейтенанты Жусупов А.А., ПБ ЖПҚБ ЮПБ полиция аға лейтенанты Матюшина К.А., Патрульды полиция батальонының қызмет инспекторы, полиция лейтенанты Каблакатов А.Б. «Жүргізуші! Балалардың өмірін сақта!» тақырыбында жүргізушілер арасында үгіт-насихат жүргізіп, жадынама таратты. 8,9,10- сынып оқушыларына, педагог – ұйымдастырушыларға «Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында ЮПБ учаскелік инспекторы полиция капитаны Б.Б.Нұрланова, директордың ТЖ жөніндегі орынбасары Жартанова ақпараттық дәріс өткізді.

«Бала тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтардың маңызы» тақырыбында 1-11 сынып ата-аналар жиналысы өтті. 25 қазан- Қазақстан Республикасы күніне орай «Шаңырақ» оқушылар қақымдастық ата-ана + оқушы арасында үстел теннисінен, ата-ана+ оқушы+ мұғалімдер арасында волейболдан лицейшілік жарыс ұйымдастырылды.

Қалалық білім бөлімі мен МТЖО «Әулет» ұйымдастыруымен күзгі каникулды тиімді ұйымдастыру мақсатында қала мектеп оқушылары, ата-аналарының қатысуымен “Жұлдызды сағат” квест ойыны, «Ақылдылар» , «Сәтті мүмкіндік» зияткерлік ойындары жоспарлы өтті. Лицей оқушылары мен ата-аналар жүлделі орындар иеленді. Лицей психологы Қазғожина Қ.Н ұстаздарға "Көңілі көтеріңкі ұстаздың, еңбегі де жемісті" тақырыбында мұғалімдердің психикалық көңіл-күйлерін көтеру, шығармашылық қабілеттерін бағалай білу, өздеріне құрметпен қарау, дұрыс қарым-қатынас орната білу мақсатында тренинг өткізді. Оқушылар арасында қолайлы орта орнату мақсатында «Көңілді үзіліс» бастауыш сынып мұғалімі Г. З. Ауенова «Бес асық» , педагог-ұйымдастырушы Нурахметова Н.Е. «Лабиринт» ойындарын, өзін-өзі басқару ұйымы тағылымды шаралар өткізді.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау мақсатында бастауыш буынның «Даналық мектебі» ДТЖЖ орынбасары Куандықова А.Б., 4 Б сынып жетекшісі Оразалина Ш.Е. бастауыш сынып оқушыларының жас және әлеуметтік ерекшеліктері туралы, отбасында қолайлы климат құру дағдыларын дамыту, баланың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін жауапкершілікті сезіндіру жайлы кеңінен сөз қозғады.

<https://www.instagram.com/p/CzgzkvUM1Lb/?igshid=Y2NkYjk0MDhjYg==>
https://www.instagram.com/reel/CzISW_hsngK/?igshid=Y2NkYjk0MDhjYg==
<https://www.instagram.com/reel/CzeVaWrsLQm/?igshid=Y2NkYjk0MDhjYg==>
<https://www.instagram.com/reel/CzeV3gsswHW/?igshid=Y2NkYjk0MDhjYg==>
https://www.instagram.com/p/CzT00I_sKsJ/?igshid=Y2NkYjk0MDhjYg==

Ата-аналар мен мектеп арасындағы ынтымақтастық орта орнату мақсатында 2022-2023 оқу жылы бастау алған оқушы+ата-ана+ мұғалім «Үштік одақ» негізінде «Білімді, білікті , данышпан» зияткерлік ойын, «Cooking club» , спорттық (волейбол, үстел теннисі, ұлттық ойын бес асық, шахмат) ойындары, ұрпақтар сабақтастығы мақсатында «Әкеге қарап ұл өсер» тақырыбында еңбек пәнінің мұғалімі Естанов М.К., «Жеке батыр» шаңырақ педагог-ұйымдастырушысы Нурахметова Н.Е. шеберлік сағат ұымдастырды. Ата-аналармен өткізілген шаралар кешкі сағат 19.00-ден кейін ұйымдастырылуда.

Бірінші тоқсан республика күнін мерекелеуге арналған «Ақындар айтысы», тоғыз ай 9 іс-шара қыркүйек сергіту сәті, қазан ҚР әнұранын бір мезетте орындау челленджіне лицей оқушылары, мұғалімдер ұжымы қатысты.

2023 жылдың 3 қараша күні жоспарлы 1-4 сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестік отырысы болып өтті. Күн тәртібіндегі мәселелер қарастырылды

Ұлттық мүдде: Қоғам игілігі үшін қызмет ету; Ар-ұят: шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну; Талап: жеке және командамен жұмыс істей білу; Тренингтің тақырыбы: "Көңілі көтеріңкі ұстаздың, еңбегі де жемісті". Мақсаты: Мұғалімдердің психикалық көңіл-күйлерін көтеру, шығармашылық қабілеттерін бағалай білу, өздеріне құрметпен қарау, дұрыс қарым-қатынас орната білу.

Орындалған қағидалар:

1. Белсенділікті арттыру.
2. Бірігіп жұмыс істеу.
3. Өз ойын ашық айтып, өзіңе пайдалы ақпарат алу.
4. Әріптестермен жақсы қарым-қатынаста болу.
5. Өзін еркін ұстау.

Ар-ұят: отбасының, өз ортасының абыройын арттыру;

Өз отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

«Ата көрген оқ жонар, әже көрген тон пішер». Күзгі демалысты пайдаланып, Алан ата-анасымен ауылға атасына барып, керемет көңіл-күй сыйлады. 1"А" сынып оқушысы Кенесары Алан.

Аптаның әр сәрсенбі күні тәрбие жоспарына ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында «Ұлттық киім күні» аталып өтеді.

<https://www.instagram.com/reel/Cx-97mMsFGh/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>
<https://www.instagram.com/reel/CyiyeAVsw78/?igshid=NTc4MTIwNjQ2YQ==>
<https://www.instagram.com/reel/CzgWp0cMHi-/?igshid=NTc4MTIwNjQ2YQ==>

Шаңырақ оқушылар қауымдастығы әдістемелік бірлестіктерімен бірлесе III тоқсанның екінші аптасынан, Біртұтас тәрбие бағдарламасының «Әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларды» жобамен жұмыс істеу барысында жобаға жетекші ӘБ мұғалімдері мен педагог-ұйымдастырушылар білім алушыларға кеңесші ретінде қолдау көрсету, олардың шығармашылық ізденістеріне сенім білдіріп, жұмыстарының нәтижелері үшін өз бетінше шешім қабылдауға мүмкіндік беру, бағыттап жүзеге асыру мақсатында жоспарланып, лицей директорымен бекітіліп жұмыстар атқарылуда:

«Оқжетпес» шаңырағы педагог-ұйымдастырушысы Сыздыкова Б.С. қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдерімен бірлесе отырып, Үштік одақ: ата-ана, мұғалім, оқушы арасындағы қарым-қатынасты жақсарту мақсатында, «IQ ДОДА» зияткерлік жобасы жоспар бойынша қаңтар, наурыз, сәуір айларына жоспарланып, жүзеге асырылуда. Әр сайысқа 3 команда (ата-аналар, мұғалімдер, оқушылар) қатысады:

- Қаңтар айында 5-6 сынып оқушылары, ата-аналары, пән мұғалімдері;
- Ақпан айында 7-8 сынып оқушылары, ата-аналары, пән мұғалімдері;
- Наурыз айында 9-10-11 сынып оқушылары, ата-аналары, пән мұғалімдері. Бұл жоба оқушылар мен мұғалімдер арасында өтетін қалалық интеллектуалды сайыстарға («Жеті қазына», «Сәтті мүмкіндік», «IQ Дода») іріктеу ретінде де өтеді. «Кабинетті таза ұста» 5 «ә» сыныбымен жүргізілген әлеуметтік тәжірибие инстаграм желісінде 35400-ден астам қаралым жинады.

«Сарыарқа» шаңырағы педагог-ұйымдастырушысы Анапина А.Қ. жаратылыстану, эстетикалық ӘБ мұғалімдерімен Есо Vox (*қалдық заттарға екінші өмір сыйла*), Q-science, Master Club жобасы;

«Көкшетау» шаңырағы педагог-ұйымдастырушысы Сарсембаева Ж.А. тарих ӘБ мұғалімдерімен «Тарихқа құрмет», «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы;

«Жеке Батыр» шаңырағы педагог-ұйымдастырушысы Нурахметова Н. ағылшын тілі ӘБ мұғалімдерімен «Көңілді үзіліс», «IQ UP» жобасы;

«Бурабай» шаңырағы педагог-ұйымдастырушысы Омашева У.Т. физика-математика ӘБ мұғалімдерімен «Мектеп қабырғасындағы бизнес» жобасы;

«Тұран» шаңырағы педагог-ұйымдастырушысы Маукен Ж.Ә. информатика ӘБ мұғалімдерімен

«IT genius» жобасы;

«Жұмбақтас» шаңырағы педагог-ұйымдастырушысы Абдугапарова С. орыс тілі мен әдебиеті ӘБ мұғалімдеріме «Бұрымды қыз» жобасы;

«ZEREN» шаңырағы педагог-ұйымдастырушысы Аубакирова А.Р. денешынықтыру ӘБ мұғалімдеріме «Спорт және мен» жобасысы.

<https://www.instagram.com/reel/C0Iz9frteOD/?igsh=bWFqNnJ3cG13NGZ3>

<https://www.instagram.com/p/C0BjxNaM2d-/?igsh=emxzNzEwdW42bWfK>

<https://www.instagram.com/reel/CztO-nuN77J/?igsh=MTI1M2cxndlnpcG16OA>

15 қараша Ұлттық валюта күніне орай, сынып сағаттары өтті және оқушылар арасында сұрақ-жауап айдары жүргізілді.

<https://www.instagram.com/reel/CzrGJs0sUY6/?igsh=MTRhZmU1ODE2NA==>

<https://www.instagram.com/reel/Czv9S9hsCxc/?igsh=bmxhcGV4Mmt4dDF6>

<https://www.instagram.com/reel/Czl5K1xsTgk/?igsh=MXJzdnJnYWM4Nmp0ZQ==>

<https://www.instagram.com/reel/Czpjf3Hqbo-/?igsh=eTdnb3NtbXpxcm5o>

16 желтоқсан Тәуелсіздік «Тәуелсіздік-елімнің ерлік жолы» сынып сағаты өкізілді және құттықтау видеороликтері түсірілді.

<https://www.instagram.com/reel/C04CUOHHffY/?igsh=NGRpdHFqbHZuazgy>

<https://www.instagram.com/reel/C01muK5sFJj/?igsh=MWM3aXdzaXRldGhmNA==>

<https://www.instagram.com/reel/C05YyEUIAid/?igsh=eGMzc2toOWJ5cDjt>

<https://www.instagram.com/reel/C04NVs3M0jB/?igsh=ZWQ3ODFjY2VlOQ==>

<https://www.instagram.com/reel/C04CUOHHffY/?igsh=MTRhZmU1ODE2NA==>

<https://www.instagram.com/reel/C01RzrOsFXA/?igsh=MTRhZmU1ODE2NA==>

<https://www.instagram.com/reel/C04CbMXMILV/?igsh=MTlubXZsdmduYzY0Zg==>

<https://www.instagram.com/reel/C04NJ7Vs-dJ/?igsh=MTRhZmU1ODE2NA==>

16 желтоқсан ҚР Тәуелсіздік күніне орай «Желтоқсан-ерлік тарихы» тақырыбында Ақмола қаһармандарымен сұқбат алаңы форматында «Дара тұлға» жобасы өтті.

<https://www.instagram.com/reel/C04MFaEMj4r/?igsh=MTZpNzFtM3BvZWl2eQ==>

«Бір әннің тарихы» жобасы аясында педагог-ұйымдастырушы Ж.А.Сарсенбаева Қазақстанның халық жазушысы, поэзия Пайғамбары, публицист, сыншы драматург Қадыр Мырза Әлінің сөзіне жазылған, Әшірхан Телгозиевтің «Қазақ осы», «Сарыарқа» шаңырағының педагог-ұйымдастырушысы А.Қ.Анапина «Атамекен» әндерінің шығу тарихын ұйымдастырды.

<https://www.instagram.com/reel/CztO-nuN77J/?igsh=ZWVKNW5pcDB4bnJt>

https://www.instagram.com/reel/C1HzctUMD2_/?igsh=MTRhZmU1ODE2NA==

Аптаның әр сәрсенбі күні тәрбие жоспарына ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында «Digital journalism» үйірме тілшілері «Ұмыт болған салт-дәстүр» сұрақ-жауап айдарын жүргізеді және «Ұлттық киім күні» аталып өтеді.

<https://www.instagram.com/reel/C0hXWzss7l3/?igsh=MXgxYWkycTJrejM1eg==>

Ағылшын тілі әдістемелік бірлестік пән мұғалімдері «Көкшетау» шаңырақ оқушылар қауымдастығының 6 «Б» сынып оқушыларымен аналары арасында және «Жеке Батыр» бірлескен «Cooking club» іс-шарасы өткізілді.

<https://www.instagram.com/reel/Czu46qHIM4i/?igsh=MjZianhhNmVIYjlh>

«9 айға 9 іс-шара» республикалық жоба аясында өткен «Асық ату» челленджі өткізілді.

https://www.instagram.com/reel/CzvqGGxs_vR/?igshid=NTc4MTIwNjQ2YQ==

20 қараша күні «Еркін тыныс ал!» Жалпыреспубликалық флешмоб өтті.

<https://www.instagram.com/reel/Cz3N-C7svLa/?igsh=MWdte2J4YzNldHZyNQ==>

Педагог-ұйымдастырушы Н.Е.Нұрахметова «Жемқорлыққа жол жоқ!» сынып сағатын өткізді.

<https://www.instagram.com/reel/C0BJ1DzsssI/?igshid=NTc4MTIwNjQ2YQ==>

«Жұмбақтас» шаңырақ оқушылар қауымдастығының педагог-ұйымдастырушысы Д.Р.Ханафинаның жетекшілігімен «Наурызбай Кенесарыұлына» арналған «Дара тұлға» жобасы өтті.

<https://www.instagram.com/reel/C0BXdbQsg46/?igsh=cTk4ZWgyaXJycWxt>

24 қараша «Әкем, шешем және мен» атты отбасылық спорттық сайыс өтті. Сайысқа «Жеке Батыр» және «Көкшетау» шаңырағының оқушылары мен ата-аналарынан құралған 8 команда қатысып, өзара бақ сынасты.

<https://www.instagram.com/reel/C0Iz9frteOD/?igshid=NTc4MTIwNjQ2YQ==>

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында тәрбиелік мәні бар әлеуметтік тәжірибелер жүргізілді.

https://www.instagram.com/reel/C1r_nB7MfZN/?igsh=YnN0YW5hNTJua3lt

<https://www.instagram.com/reel/C2PWOfbM9ka/?igsh=MXh1cnBoZnRnNmVjMA==>

<https://www.instagram.com/reel/C0LYvCPo3tl/?igsh=MTBtbXd4enRleWlndw==>

<https://www.instagram.com/reel/C0Mo7H5MJdv/?igsh=OTk0Y211am53M2F2>

1-11 сынып аралығында сыныпшілік және «Ашық алаң» форматында ата-аналар жиналысы өтті.

<https://www.instagram.com/reel/C0O4nugMAWZ/?igshid=NTc4MTIwNjQ2YQ==>

Түлектермен Жаңа Жылдық «Қысқы бал» ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/reel/C1WxGdfslvc/?igsh=MXV6eHlwenVpdjg0Nw>

Шығармашылық үйірме, спорттық секция жетістіктері:

* қала мектептері мұғалімдерінің арасында күзгі пікірсайыс турнирінің қалалық қазақ лигасына қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Жантубетова Айжан Оразбайқызы лицей атынан қатысып, ІІ дәрежелі диплом және ақшалай сертификатпен марапатталды.

* Республика күніне арналған «Қыран елім - Қазақстаным!» пікірсайыс турнирінің қалалық кезеңіне лицей командасы қазақ лигасы бойынша Сатыбалды Абилмансур және Рахметолла Аққу ІІІ орын, орыс лигасы бойынша Амангельдиева Санди және Жамбатырова Алина жүлделі ІІ орынға ие болды. Жеңімпаздар ақшалай сертификатпен марапатталды дебат үйірме жетекшісі Лескен Расул.

Облыстық пікірсайыс турниріне орыс лигасында Амангельдиева Санди ІІ орын;

*Қалалық жалпы білім мектептердің арасында өткен «Намыс» спартакиада аясында «Мерген» пневматикалық винтовкасынан атыс бойынша ІІ сынып оқушылары Қажатай Аялым І орын, Мұрат Жанерке ІІІ орын, Есенгожин Асанәли І орын, 10 сынып оқушысы Смагулов Алихан ІІ орын, жетекшісі алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Бекмаганбетов Б.К.

*Ақмола облысы бойынша колледж студентер мен мектеп оқушылары арасында «Тоқта пирамида» облыстық байқауы «Үздік фотосуреттер Стоп-кадр» номинациясында 8 сынып оқушысы Талғатов Дінмұхамед I орын;

* «Тәуелсіздік дарыны» республикалық байқаудың I дәрежелі жеңімпаздары 4 сынып оқушылары Абдұлманов Алан, Амангелді Асел, 9 сынып оқушысы Тілеуханқызы Лаура;

* Қалалық тоғызқұмалақ жарысынан 9-11 сынып оқушыларынан құралған команда 3 орын, 7-8 сынып оқушыларынан құралған команда 2 орын, шахмат жарысынан 9-11 сынып оқушылар құрамасы 2 орын, жетекшісі денешынықтыру пәнінің мұғалімі Бигатов С.К.

*Қала мектеп оқушылары арасында футбол жарысынан 9-11 сынып құрама ер балалар командасы 3 орын, жетекшісі денешынықтыру пәнінің мұғалімі Бейсембаев Д.А.

*Теннис 9-11 сынып қалалық-1орын жетекшісі денешынықтыру пәнінің мұғалімі ЖумадильдаевК.

*Қалалық баскетбол жарысында 9-11 сыныптың ер балалар құрамасы 1 орыны, облыста I орын, жетекшісі денешынықтыру пәнінің мұғалімі Узакбаев Б.С.

Алдағы уақытта «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие жұмысы жоспарлы сапаға бағыттталып жүргізіледі.

Лицейде өткен барлық тәрбиелік –тағылымды іс-шаралар әлеуметтік желілерде уақытылы жарияланып, өткен шараларға сараптама жүргізіледі.

